

Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит берудің негізгі шарттарын анықтау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық әкімиятының 2008 жылғы 15 мамырдағы N 172 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2008 жылдың 26 мамырда N 3253 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 30 сәуірдегі N 158 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009.04.30 N 158 қаулысымен .

Қаулының атауына өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық әкімиятының 2008.09.17 N 332 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 27-бабына, "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысының 449-бабына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелендірудің мынадай негізгі шарттары анықталсын:

кредиттік қаражат облыс әкімдігі жанындағы Комиссиямен іріктеліп алынған инвестициялық басым жобаларды жүзеге асыруға беріледі.

соңғы қарызгер үшін тіркелген сыйақы ставкасы 14 пайызды құрайды.

бизнес жобаларға несие беру мерзімі 5 жылға дейін.

бір қарызгерге лимиті - 200 000 айлық есептік көрсеткіш.

Бюджеттік кредитке қатысушылар болып:

Бағдарламаның кредиторы "Ақтөбе облысы қаржы басқармасы" ММ, бағдарламаның әкімшісі "Ақтөбе облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" ММ ;

екінші деңгейдегі банктердің филиалдары арқылы бюджет қаржысын орналастыратын қор - "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ (одан әрі "Даму") К Д Қ ;

қарызгер-банктер - облыс әкімдігі жанынан арнайы құрылған Комиссиямен анықталған және экономиканы жаңғырту жөніндегі Мемлекеттік комиссия бекіткен банктер ;

соңғы қарызгерлер - шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, бюджеттік

н е с и е н і

а л у ш ы л а р ;

қолайлы несиелік тарихы бар шағын және орта бизнес субъектілеріне бұрын берілген несиені қайта қаржыландыруға бағытталған қаражат көлемі. Бюджеттік несие беруге қатысушылар болып табылады.

Ескерту. Қаулының 1 тармағына өзгерту енгізілді - Ақтөбе облыстық әкімиятының 2008.09.17 N 332, 2009.02.12 N 28 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.С. Әбдірайымовке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е.Сағындықов